ISSN 2788-7979 (online)

МҒТАР 16.21.45 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp55-68

Б.Р. Есимсейтов[1], Ж.І. Есімхан[2]

[1]«Тұран-Астана» университеті, Астана, 010000, Қазақстан
[2]«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясы», Астана, 010000, Қазақстан

БІР БУЫНДЫ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС САЛТ ЕТІСТІКТЕРІНІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ӘЛЕУЕТІ (Сөзжасамдық ұя теориясы негізінде)

Қазақ тілінің сөздік қорының дамуы мен толығуы туынды сөздердің жасалуымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда сөзжасамдық ұя теориясы арқылы түбір сөздердің сөзжасамдық әлеуетін анықтау тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мақаланың мақсаты – бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяларын зерттеу арқылы олардың сөзжасамдық мүмкіндіктерін айқындау және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау. Зерттеудің негізгі бағыты қимыл-қозғалыс мағыналы бір буынды салт етістіктердің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяларды лексика-семантикалық тұрғыдан талдауға негізделген.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы сөзжасамдық ұя құрылымы мен түп негіз етістіктердің семантикалық ерекшеліктері арасындағы байланысты анықтауда көрінеді. Практикалық маңызы қазақ тілінің сөзжасам жүйесін, сөздік құрамның қалыптасу жолдарын және етістіктердің туынды сөз жасау мүмкіндіктерін тереңірек түсіндірумен байланысты.

Зерттеу барысында сөзжасамдық ұя теориясы, лексика-семантикалық топтастыру, құрылымдық-семантикалық және квантитативтік талдау әдістері қолданылды. Нысан ретінде қазақ тіліндегі 30 бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігі алынды.

Зерттеу нәтижесінде аталған түп негіз етістіктерден 416 туынды түбір сөз жасалғаны анықталды. Ең өнімді сөзжасамдық ұялар тарт, шық, соқ етістіктері негізінде қалыптасса, ең өнімсіз ұя ыт етістігіне тән екендігі байқалды. Талдау сөзжасамдық ұялардың күрделілігі түп негіз сөздердің мағыналық кеңдігіне, қолданыс жиілігіне және сөзжасамдық белсенділігіне тәуелді екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің жоғары сөзжасамдық әлеуетке ие екенін дәлелдейді. Жұмыстың құндылығы сөзжасамдық ұя теориясын дамытуға және қазақ тіліндегі етістіктердің сөзжасамдық табиғатын тереңірек тануға қосқан үлесінде көрінеді. Алынған нәтижелер сөзжасам, лексикология және қазақ тілінің тарихи дамуын зерттеуде қолдануға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: қазақ тілінің сөзжасамы; сөзжасамдық ұя; бір буынды етістіктер; қимыл-қозғалыс салт етістіктері; сөзжасамдық әлеует; лексика-семантикалық топ; туынды түбір сөздер.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Зерттеу барысында сөзжасамдық ұя теориясының қазақ тіліндегі етістік сөзжасамын кешенді сипаттаудағы ғылыми-теориялық маңызы айқындалды. Сөзжасамдық ұя белгілі бір түп негіз сөзден тарайтын туынды сөздердің жиынтығын ғана емес, олардың өзара құрылымдық және семантикалық байланыстарын да қамтитын күрделі жүйе ретінде қарастырылды. Осы тұрғыдан алғанда сөзжасамдық ұя теориясы түп негіз сөздің сөзжасамдық әлеуетін анықтаудың тиімді құралы болып табылады. Зерттеу нысаны ретінде алынған бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігінің әрқайсысы жеке сөзжасамдық ұяның негізі ретінде талданды. Мысалы, *қон* етістігі негізінде 21 туынды түбірден, *соқ* етістігі негізінде 18 туынды

ISSN 2788-7979 (online)

түбірдің тұратын сөзжасамдық ұя қалыптастырған. Бұл деректер сөзжасамдық ұя теориясының түп негіз сөздің сөзжасамдық мүмкіндігін жан-жақты ашуға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

1-кесте. Қон етістігі негізінде жасалған сөзжасамдық ұя

Негізгі түбір	1-саты	2-саты	3-саты
Қон	қонақ	қонақсыз	
		қонақтық	
		қонақуар	қонақуарлық
		қонақшыл	қонақшылдық
	қоным	қонымды	қонымдылық
		қонымсыз	қонымсыздық
	қоныс[1]		
	қоныс[2]	қоныста	
		қоныстас	қоныстастық
		қоныстық	
		қонысшыл	қонысшылдық
	қонжи		

2-кесте. Соқ етістігі негізінде жасалған сөзжасамдық ұя

Негізгі түбір	1-саты	2-саты
Соқ	соққы	соққыла
	соққыш	
	соққын	
	соқпа[1]	
	соқпа[2]	соқпалы
	соқпақ	соқпақсыз
		соқпақты
		соқпақшыл
	соғым	соғымдық
		соғымсыз
	соғыс	соғыссыз
		соғыстық
		соғысшыл

Зерттеу нәтижелері сөзжасамдық ұялардың құрылымы мен күрделілігі түп негіз сөздің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне тікелей тәуелді екенін көрсетті. Сөзжасамдық әлеует барлық етістіктерде бірдей емес. Мәселен, *тарт* етістігі негізінде 41, *шық* етістігі негізінде 36, *соқ* етістігі негізінде 35 туынды түбір жасалса, *ыт* етістігі негізінде 2, *ер* етістігі негізінде 7 туынды түбір ғана анықталды. Мұндай айырмашылық түп негіз сөздердің мағыналық ауқымымен және қолданыс белсенділігімен байланысты. *Шық* етістігі *үйден шықты, көзден жас шықты, кітап шықты, ғалым шықты, атағы шықты, шығын шықты* сияқты сан алуан қолданыста жұмсалып, кең семантикалық өріске ие болады. Осы көпмағыналылық оның жаңа туынды сөздер жасау қабілетін күшейтеді. Керісінше, мағынасы тар әрі қолданыс жиілігі төмен *зыт* етістігінің сөзжасамдық белсенділігі де төмен деңгейде көрінеді.

Зерттеу барысында бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің қазақ тілінің негізгі сөздік қорын құрайтын көне әрі белсенді лексикалық қабатқа жататыны анықталды. *Бар, кел, кет, жүр, қаш, шық, ұш, жүз* тәрізді етістіктер халықтың күнделікті қарым-қатынасында тұрақты қолданылатын тілдік бірліктер. Олардың жоғары сөзжасамдық әлеуеті сандық деректер арқылы дәлелденді. Мысалы, *біт* түбірінен *бітім, бітік, бітімді, бітімділік, шығармашылық*; *тарт* түбірінен *тартым, тартылыс, тартымды, тартқыш, тартпа*; *ақ* түбірінен *ағын, ағым, ағынды* сияқты көптеген туынды сөздер қалыптасқан. Бұл көрсеткіштер бір буынды етістіктердің қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі ерекше белсенділігін айғақтайды.

ISSN 2788-7979 (online)

Зерттеудің тағы бір маңызды тұжырымы – қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің ортақ архисема негізінде бір лексика-семантикалық топ құрайтындығы. Зерттеуге алынған етістіктердің барлығы қозғалу және орын ауыстыру мағынасымен өзара байланысады. Алайда олардың әрқайсысында қозғалыстың жүзеге асу сипатын білдіретін даралаушы семалар бар. Мысалы, *жүр* етістігі *жердегі қозғалысты*, *ұш* етістігі *ауадағы қозғалысты*, *жүз* етістігі *судағы қозғалысты*, *кез* етістігі *бағытсыз қозғалысты*, *көш* етістігі *мекен ауыстыру әрекетін*, *қаш* етістігі *қауіптен алыстау қозғалысын* білдіреді. Осы ортақ архисема мен даралаушы семалардың негізінде аталған етістіктер жеке лексика-семантикалық топ ретінде қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің қазақ тілінің сөздік құрамын байытудағы маңызды қызметін де көрсетті. Бұл етістіктер жаңа атаулар жасаудың өнімді негізі болып табылады. Мысалы, *қаш→қашқын→қашқындық, ес→ескек→ескексіз, жаз→жазу→жазушы→жазушылық, шық→шығар→шығарма→шығармашылық* тәрізді сөзжасамдық тізбектер арқылы тілдің әртүрлі салаларына қатысты жаңа ұғымдар мен атаулар қалыптасады. Соның нәтижесінде тілдің лексикалық қоры үздіксіз толықтырылып, дамып отырады. Сөзжасамдық ұяларда 416 туынды түбірдің анықталуы олардың сөзжасамдық әлеуетінің жоғары әрі өнімді екенін көрсетеді.

Осылайша зерттеу нәтижелері бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің қазақ тілінің көне әрі негізгі лексикалық қабатын құрайтынын, ортақ архисема негізінде бір лексика-семантикалық топқа бірігетінін, жоғары сөзжасамдық белсенділікке ие екенін және сөздік құрамды байытудың маңызды көзі болып табылатынын көрсетті. Сөзжасамдық ұялардың өнімділігі мен құрылымдық күрделілігі түп негіз сөздердің семантикалық ерекшеліктерімен сабақтасып жататыны анықталды. Аталған тұжырымдардың барлығы етістіктер мен олардан жасалған туынды түбір сөзден тұратын нақты тілдік материал негізінде дәлелденді.

КІРІСПЕ

Әр халықтың тұрмыс-жағдайын, кәсібін, тарихын, мәдениетін, салт-санасын тағы да басқа өзіндік тіршілігін түгел қамтып көрсететін сөздік құрамы бар. Сондықтан әр халықтың сөздік құрамы түрліше болады. Сөздік құрамның дамып, баюы сол қоғамда өмір сүріп отырған адамға тікелей байланысты. Яғни сөздік құрам қоғамдық өмір қажеттілігіне байланысты пайда болатын адам ойы мен танымның нәтижесі, жемісі. Ал осы сөздік құрамның үнемі байып, дамып отыруы адам ойы мен танымның материалдық көрінісі ретінде бағаланатын туынды сөздер арқылы көрінеді. Сол себепті туынды сөздер тілде өте көп әрі тіліміздегі сөздік қордан қомақты орын алады.

«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» оқу құралында қазақ тілінің негізгі сөздік қоры туралы: «Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрам болса, негізгі сөздік қор оның негізгі ұйытқысы шығу арналарының ең маңызды бөлігі болып табылады. Сөздік құрамға қарағанда негізгі сөздік қордың сан мөлшері, көлемі әлдеқайда шағын болады. Өйткені оған кез-келген сөз кіре бермейді. Қоғам, адам өміріндегі ең қажетті ұғымдарды білдіретін жалпыхалықтық сөздер ғана кіреді» - деп көрсетеді [1, 130].

Сонымен, қазақ тілінің негізгі сөздік қорына енетін, бір буынды сөздер: *түйе, қой* т.б. Сапалық, сындық атаулар: *жақсы, жаман* т.б. Дене-мүше атаулары: *бас, қол* т.б. *Нан, кітап, мектеп, орамал* т.б. бірқатар жалпыхалықтық сипат алып, тілге әбден сіңісіп кеткен кірме сөздер сөзжасамдық ұяға негіз бола алады. Бірақ олардың сөзжасамдық қабілеті түрліше, жоғарыда көрсетілген негізгі сөздік қорға енетін сөздердің ішіндегі бір буынды сөздердің орны ерекше.

Бір буынды сөздердің қазіргі қазақ тілі тұрғысынан тану бар да, тарихи аспектіде талдау тағы бар. Соңғысымен байланысты бір буындыларды арнайы зерттеп, қазақ тілі тұрғысынан ғана емес, түркі тілдерін тұтас қамтып, қарастырған ғалымдарымыз А.Қайдаров, Ж.Манкеева, А.Салқынбайдың еңбектерін жатқызуға болады.

ISSN 2788-7979 (online)

Академик А.Қайдаров «Структура односложных корней и основ в казахском языке» деген еңбегінде «Бір буынды түбірлердің өзін түбір-негіз деп қосарлай атап, күл, күй, күн тәріздендіріп, тарихи тұрғыда оларды одан әрі де морфтарға бөлуге болатындығын дәлелдейді» [2, 11].

Бір буынды сөздер қазіргі қазақ тілі тұрғысынан А.Ысқақов, А.Хасенова, Ы.Маманов, С.Исаев, Қ.Қасабек т.б. ғалымдардың еңбегінде қарастырылады.

Ғалым Ы.Маманов «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде: «Негізгі түбір етістіктерге қазіргі қазақ тілі тұрғысынан, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін етістіктің мағыналы бөлігі жатады. Яғни негізгі түбір етістіктер жеке грамматикалық элементтерге бөлінбейді. Негізгі түбір етістіктер көбіне бір буынды болып келеді: *ал, кет, кел, тұр, жаз, жу, біл* т.б.», - дейді [3, 10].

Тіл білімінде сөздердің тұлғалық-мағыналық ерекшеліктерін зерттеуде, сөздердің өзара лексикалық мағынасының жуықтығына, ортақ семаларына қарай топтастырып қараудың тиімді екендігі алғаш Ф.Филин еңбектерінде сөз болды. Ғалым: «Лексико-семантикалық топ екі не бірнеше сөздердің лексикалық мағынасына қарай топтастырылуын айтамыз», - деп анықтама береді [4, 524].

Аталмыш жүйе жасаушы топтар тіл білімінде жан-жақты қарастырылған деуге әбден болады. Бұлай деп топшылауымызға тіл білімінің лексикология саласында жазылған ғылыми еңбектер дәлел болады. Қазақ тіл білімінде бұл топқа М.Оразов, Б.Уызбаева т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Аты аталған ғалымдардың еңбектерінде тілдегі мағыналық топтар мен тақырыптық топтардың өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары т.б. теориялық мәселелері сөз болады.

Ғалым М.Оразов ғылыми еңбектерінде отандық ғалымдардың тұжырымдарын негізге ала отыра, мағыналық топ пен тақырыптық топтың арақатынасын анықтап, тілдік деректерге сүйене отырып, олардың өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты қарастырады. Ғалым алдыңғы еңбегінде көрсеткен мағыналық топтың алты шартын кейінгі еңбегінде ықшамдап, төрт түрін береді. «Лексика элементтерін парадигмалық қатынастарына негіздеп топтастыруда ең кең құлаш жайған әдіс – лексико-семантикалық топтарға бөлу. Сөздерді белгілі бір парадигмалық қатынаста деп лексико-семантикалық топтың қатарына енгізгенде: біріншіден, сөздердің дербестігін мойындаймыз, екіншіден, сол семантикалық топқа енетін сөздердің өзара байланысып жатқан семантикалық белгілері болумен бірге, оларды жеке сөз етіп тұратын өзіндік ерекше семантикалық элементтердің де барлығын мойындаймыз, үшіншіден, лексикадағы парадигмалық қатар сөздердің лексикалық мағынасына сүйенеді, төртіншіден, сөздердің системадағы қатынасы, байланысы мағынаны белгілемейді, керісінше, мағына системадағы байланысты белгілейді» [5, 17,18].

Б.Қасым, С.Саменова «Қазақ тіліндегі менталді лексиканың фреймдік құрылымы» атты мақаласында: «Қазақ тіліндегі етістіктердің мағыналық, функциялық, эмоционалдық-экспрессивтік сипаттары негізінде олардың мағыналық өрісі талданған. Етістікті семантикасы жағынан топтастыруда ең негізгі ұстаным ретінде әр сөздің өзіндік ерекшелігі, белгілері, контекстегі мағынасы, қызметі, фунционалдық қолданысы алынуы керек екендігі айқындалады. Етістіктің негізгі ерекшелігі оның семантикасынан анық байқалатындығына ерекше назар аударылған» [6, 47]. Авторлар тіл біліміндегі жүйелерге сүйене отырып, қазақ тіліндегі етістіктерді семантикалық өріс аясына қарай сегіз топқа жіктеп талдайды.

Жоғарыда аты аталып өткен ғалымдардың еңбектерінде мағыналық топ пен тақырыптық топ мәселелері лексикология саласы шеңберінде қарастырылған.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақ тілі дүние жүзіндегі бай тілдердің бірі. Бұлай деуімізге әр жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтынан әр түрлі мақсат-мүддеге лайықталып жасалған сөздіктер дәлел. Осы сөздіктердің көш басы саналатын әр томы алпыс-жетпіс баспа табақтан тұратын, 67 мың реестр сөзді қамтыған қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі, кейін шыққан бір томдық түсіндірме сөздік тіліміздің мол байлығының айқын көрсеткіші.

ISSN 2788-7979 (online)

Көрсетілген сөздіктердің қай-қайсысының құрамында туынды сөздің басым екендігін көруге болады. Әрине сөздіктерде топтастырылған сөздердің қалыптасуына, баюына Абай, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Кекілбаев т.б. сияқты қазақ әдебиетінің көрнекті классик жазушыларының шығармаларының орны ерекше. Сөзжасамдық ұялар құрамындағы туынды түбір сөздер «Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігі», «Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігі» және «Қазақ тілінің ұлттық корпусынан» жинақталды.

Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктері алынды: *бар, без, ен, ер, жел, жет, жорт, жүз, жүр, зыт, кез, кел, кет, көш, кір, қайт, қаш, қон, оз, өр, өт, соқ, тай, тарт, түс, ұш, шап, шық, ық, ыт.*

Зерттеу барысында қолданылған әдістер теориялық тұжырымдарды негіздеуге және тілдік деректерді жан-жақты сипаттауға бағытталды. Әдіснамалық негіз ретінде сөзжасамдық ұя теориясы, лексика-семантикалық топтастыру, құрылымдық-семантикалық талдау және сандық (квантитативтік) талдау әдістері пайдаланылды. Аталған әдістер зерттеу материалының табиғатына сәйкес өзара сабақтастықта қолданылып, бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің сөзжасамдық әлеуетін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі теориялық тірегі сөзжасамдық ұя теориясы болды. Сөзжасамдық ұя теориясы түп негіз сөзден тарайтын барлық туынды сөздерді бір жүйе ретінде қарастырып, олардың арасындағы құрылымдық және семантикалық байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Осы теория негізінде зерттеу нысаны ретінде алынған қимыл-қозғалыс салт етістігінің әрқайсысы жеке сөзжасамдық ұяның негізі ретінде қарастырылды. Мәселен, *қаш* етістігі негізінде *қаш→қашаған→қашағандық, қаш→қашқын→қашқындық, қаш→қашқыш* тәрізді бірнеше сөзжасамдық тізбектер анықталды. Бұл тізбектер түп негіз сөзден туынды сөздердің сатылана дамуын көрсетуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде *қаш* етістігі негізінде 9 туынды түбірдің қалыптасқаны анықталды. Ал *ыт* етістігі негізінде 1 ғана сөзжасамдық тізбек жасалып, оның бойында 2 туынды түбір бар. Мұндай салыстырулар әрбір түп негіз етістіктің сөзжасамдық әлеуетін анықтауға және олардың өнімділік деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде лексика-семантикалық топтастыру әдісі де маңызды орын алды. Лексика-семантикалық топтастыру әдісі сөздерді олардың ортақ мағыналық белгілері, яғни архисемалары негізінде белгілі бір топтарға біріктіріп қарастыруды көздейді. Осы әдіс арқылы зерттеуге алынған барлық етістіктер қозғалу және орын ауыстыру мағынасын білдіретін ортақ архисема негізінде бір лексика-семантикалық топ ретінде қарастырылды. Мысалы, *ұш, жүз, жүр, кез* етістіктерінің барлығы қозғалыс ұғымымен байланысты болғанымен, олардың әрқайсысының өзіндік даралаушы семалары бар: *ұш – әуедегі қозғалысты, жүз – судағы қозғалысты, жүр – жердегі қозғалысты, ал кез – бағытсыз* қозғалысты білдіреді. Осылайша лексика-семантикалық топтастыру әдісі зерттеу нысанының мағыналық біртұтастығын анықтауға және қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің ортақ семантикалық негізін айқындауға мүмкіндік берді.

Құрылымдық-семантикалық талдау әдісі сөзжасамдық ұялардың ішкі ұйымдасуын, туынды сөздердің жасалу жолдарын және олардың мағыналық дамуын анықтау мақсатында қолданылды. Бұл әдіс тілдік бірліктің құрылымдық сипаты мен семантикалық мазмұнын өзара байланыста қарастыруға негізделеді. Зерттеу барысында қозғалыс мағынасын білдіретін *ұш, жүз, жүр, кез* етістіктерінің ортақ архисемасы мен дифференциалды семалары анықталды. Сонымен қатар сөзжасамдық тізбектердің құрылымы талданды. Мысалы, *қаш→қашқын→қашқындық* тізбегінде *қаш* түбірі қозғалу әрекетін білдірсе, қашқын тұлғасы әрекетті жүзеге асырушы субъектіні, ал *қашқындық* туындысы сол әрекетке қатысты абстракт ұғымды білдіреді. Осы арқылы туынды сөздердің құрылымдық күрделенуі мен семантикалық дамуы арасындағы байланыс айқындалды.

Зерттеудің нәтижелілігін қамтамасыз еткен маңызды әдістердің бірі – сандық (квантитативтік) талдау әдісі. Квантитативтік талдау тілдік құбылыстарды сандық көрсеткіштер арқылы сипаттауға және олардың өнімділік дәрежесін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Осы әдіс негізінде әр сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлер саны есептеліп, олардың сөзжасамдық белсенділігі анықталды. Сандық көрсеткіштер бойынша ең өнімді

ISSN 2788-7979 (online)

сөзжасамдық ұя *тарт* етістігі негізінде қалыптасып, оның құрамында 41 туынды түбір бар екендігі анықталды. Одан кейін *шық* етістігі негізіндегі ұяда 36, *соқ* етістігі негізіндегі ұяда 35 туынды түбір тіркелді. Ал *ыт* етістігі негізіндегі ұяда небәрі 2 туынды түбір анықталып, ең өнімсіз сөзжасамдық ұя ретінде сипатталды.

Бұл деректер сөзжасамдық әлеуеттің барлық түп негіздерде бірдей болмайтынын, оның түп негіз сөздің мағыналық ауқымы мен қолданыс белсенділігіне тәуелді екенін көрсетті.

Осылайша сөзжасамдық ұя теориясы, лексика-семантикалық топтастыру, құрылымдық-семантикалық талдау және сандық талдау әдістері өзара байланыста қолданылып, бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің сөзжасамдық жүйесін әрі сапалық, әрі сандық тұрғыдан кешенді сипаттауға мүмкіндік берді. Әдістердің өзара толықтырушы сипатта пайдаланылуы зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен объективтілігін қамтамасыз етті.

НӘТИЖЕЛЕР

Сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам мәселелерін зерттеуші ғалымдар өздерінің ғылыми-зерттеу еңбектерін тілдегі белгілі мағыналық топтар мен тақырыптық топтардың құрамына енетін сөздерге негіздейді. Бұл топқа сөзжасамдық ұяны зерттеуші А.Тихонов, А.Лукашенцев, К.Құрманәлиев, Р.Кдырбаев, т.б. сөзжасамдық тізбекті зерттеуші С.Тихонов, Д.Бегаджиев, М.Зуева т.б. сөзжасамдық тарамды зерттеуші Т.Морозова, Е.Земская, т.б. ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

А.Непесова «Изучение словообразовательного гнезда в современном туркменском языке на примере слова вода», - деген мақаласында мәселені төмендегіше баяндалады: «Осылайша, талданған барлық сөзжасамдық ұялардың шыңында немесе өзегінде туынды емес еркін түбірлер орналасады. Олар толыққанды қарапайым туынды негіздер ретінде әрбір сөзжасамдық ұяға кіретін барлық сөздердің ортақ семантикалық бірлігін білдіреді. suw («су») негізді сөзжасамдық ұясының тармақталуы, оның құрамында ұлттық-мәдени ерекшелікті танытатын лексемалардың, ерекше мағыналық құндылыққа ие сөздердің, сондай-ақ күрделі сөздердің болуы түрікмен халқының ұлттық дүниетанымындағы судың аксиологиялық маңызын айқын көрсетеді. Осылайша, сөзжасамдық ұяларды зерттеу түрікмен сөзінің құрылымын терең талдауға мүмкіндік береді және түрікмен тіліндегі туынды сөздердің әртүрлі түбірлік ортақтықтарын анықтауға кең жол ашады» [7, 23].

Орыс тіліндегі көпнегізді сөзжасамдық ұялар мәселесіне қатысты мына мақалада «**Көпнегізді сөзжасамдық ұялардың** басты ерекшелігі – құрамында екі немесе одан да көп бастапқы, туынды емес сөздердің болуы. Мұндай ұялардың негіздері вариантты немесе дифференциалды тұлғалар түрінде көрініс тауып, акцентологиялық, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және стильдік белгілері бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Бұл көпнегізді сөзжасамдық ұяның құрылымдық күрделілігін едәуір арттырып, оның ашық әрі үнемі дамып отыратын жүйе екенін айқындайды» [8, 17].

Сонымен, ғалымдардың ой-тұжырымдарын қорытындылайтын болсақ, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам бойындағы туынды сөздердің сөзжасамдық қабілеті, құрылымдық ерекшеліктері олардың негіздерінің тілдегі белгілі бір мағыналық топтар мен тақырыптық топтарға жатуына байланысты екендігін көрсетеді.

Осы мәселені таза сөзжасамдық тізбек тұрғысынан қарастырушы ғалым А.Тихонов диссертациялық жұмысында «Мағыналық топ» ұғымына: «Мағыналық топ деп жалпы семантикалық тақырып (ортақ сема, интегралды белгі) негізінде айқындалған, лексика-семантикалық варианттары (мағыналары) біртекті әрі өзара салыстырмалы сөздердің жиынтығын түсінеміз», - деген анықтама бере келіп, «мағыналық топтастыру» амалының сөзжасамдық тізбектің құрылымдық ерекшеліктерін зерттеудегі құндылығы жөнінде былай дейді: «Сөзжасамдық тізбектің бастапқы сөздерінің әртүрлі мағыналық топтарға жатуы олардан жасалатын сөзжасамдық тізбектердің құрылымына да әсер етеді» [9, 38]. Ғалым А.Тихонов орыс тіліндегі етістіктің бірнеше мағыналық топтарын, атап айтқанда құру, қирату, дыбыстау, кеңістіктегі қалыпты білдіретін мағыналық топтары негізінде жасалған

ISSN 2788-7979 (online)

сөзжасамдық тізбектердің құрылымын салыстыра қарап, өзіндік ерекшеліктерін анықтайды. Аталмыш еңбекте ғалым етістіктің дыбыстау мағыналық тобы мен құру, қирату мағыналық топтары негізінде жасалған сөзжасамдық тізбектер құрамы түрліше болуы олардың негіздерінің қандай мағыналық топқа жатуына байланысты екендігін көрсетеді.

Сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшесі ретінде алынатын негізгі түбір сөздерді мағыналық топтарға енгізудегі тағы бір басты ерекшеліктердің бірі сөз табынан болуы болса, осы ерекшелік те сөзжасамдық тізбектің құрамының түрліше болуына әсерін тигізеді. Ғалымдардың басқа сөз таптарына қарағанда, етістік негізді мағыналық топтар негізінде жасалған сөжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарамдардың сөзжасамдық өрісінің анағұрлым кең екендігін айтады.

Н.Матвеева В.Фатхутдинова өздерінің бірігіп жазған «Орыс тілінің сөзжасамындағы ұлттық компонент: лингводидактикалық аспект» атты мақалаларында сөзжасамдық ұя өрісінің әркелкі болу себебін: «Туынды сөздің сөзжасамдық негізін құрайтын уәждеуші белгілердің өзіндік ерекшелігі, ұғымдардың онтологиялық игерілу деңгейінің әркелкілігі, сондай-ақ белгілі бір тілге тән сөзжасамдық үлгілер мен мағыналардың болуы жатады» [10, 235].

Нақты зерттеу жұмысымыздың желісі бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардағы сөзжасамдық тізбектердің мағыналық-тұлғалық құрылымына арналғандықтан, қазақ тіліндегі етістіктердің мағыналық топтармен байланысты қарастыру, зерттеу қажеттілігі туады. Сондықтан, осы жерде тіл біліміндегі етістіктерді мағыналық ерекшілігі жағынан топтастырып қараған ғалымдардың еңбегіне тоқталып өтуді жөн санаймыз.

Профессор А.Ысқақов: «Етістіктің лексикалық құрамында қанша сөз болса, солардың әрқайсысының өзіне тән лексикалық мағынасы болады. Солай бола тұра лексикалық мағыналары қаншалықты басқа-басқа болғандарымен, сол етістіктердің бәрі де, ең алдымен, өздерінің мазмұнындағы барлығына да ортақ сипат есебінде танылатын семантикалық ерекшеліктеріне қарай бір сөз табына телінеді. Дегенмен де, лексика-грамматикалық белгілері бірыңғай жеке сөз табы саналатын етістіктердің өздерін іштей бір-біріне мағына жағынан жақындықтарына, өзара функция жағынан орайластықтарына қарай топ-топқа бөлуге болады», - дей келіп, одан әрі етістікті төмендегідей он бір мағыналық топқа бөледі. Олар: амал-әрекет етістіктері; қимыл-қозғалыс етістіктері; қалып-сапа етістіктері; ойлау-сөйлеу етістіктері; өсу-өну етістіктері; бағыт-бағдар етістіктері; көңіл-күй етістіктері; бейнелеу-еліктеу етістіктері; дыбыс-сес етістіктері; көру-есту етістіктері; мінез-құлық етістіктері [11, 223,224].

Етістіктердің мағыналарын барынша кең жан-жақты қарастырған ғалым М.Оразов етістіктерді белгілі бір мағыналық белгілердің ұқсастығы бойынша төмендегідей лексика-семантикалық топтарға бөліп қарайды: амал-әрекет етістіктері; қозғалу етістіктері; қарым-қатынас етістіктері; сезіну етістіктері; ойлау етістіктері; сөйлеу етістіктері; дыбыс-сес етістіктері; көңіл-күй етістіктері; қалып-сапа етістіктері; өсіп-өну етістіктері; субьектив реңктерді білдіретін етістіктер; табиғи құбылыстарға байланысты етістіктер [12, 26,27].

Алдыңғы ғалымның жасаған топтастыруы оқулық көлемінде берілсе, кейінгі ғалым М.Оразовтың жасаған топтастыруы тілдегі бар етістіктерді мағыналық жағынан жан-жақты қарастырған ғылыми еңбектердің бірі.

Ғалым Т.Тәубеева қазақ тіліндегі сөйлем құрылымдарындағы етіс категорияларының ерекшеліктерін талдауға арналған мақаласында «Қазақ тіліндегі сабақты етісті ағылшын және орыс тілдеріндегі етіс түрімен салыстырылады. Мақалада функционалды грамматиканың аспектуалдық, себептік және модальдық қызметтері қарастырылады. Мақаланың теориялық маңыздылығы қазақ тіліндегі етіс категорияларының қызметін терең түсінуге ықпал етеді және А.Байтұрсынұлы ұсынған етіс жіктелуіне шолу жасалады» [13, 40].

Ғалым Қ.Қасабекованың «Бір буынды негізгі түбір салт етістіктердің мағыналық құрылымы» атты кандидаттық диссертациясында бір буынды негізгі түбір салт етістіктер қазіргі қазақ тілі тұрғысынан сөз болады. Ғалым аталмыш еңбегінде бір буынды негізгі түбір

ISSN 2788-7979 (online)

салт етістіктердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастыра отырып, тілде небәрі 110-ға жуық бір буынды негізгі түбір салт етістіктері бар деп танып, оларды мынадай жеті мағыналық топқа бөліп қарайды. Олар: қимыл-қозғалыс етістіктері; қалып етістіктері; табиғат құбылыс етістіктері; физиологиялық процесс етістіктері; сезіну-түйсіну етістіктері; ойлау етістіктері; сөйлеу-дыбыстау етістіктері. [14]

Жоғарыда келтірілген ғалымдар пікірі сөзжасамдық ұяларды зерттеу ұялардың түп негіз сөзін белгілі мағыналық топтарға байланысты зерттеудің қажет екенін дәлелдейді. Ал қазақ тілінде етістіктерді мағыналық топқа жіктеу, топтастыру түрліше болғанымен, оның бәрінде дерлік қимыл-қозғалыс етістіктері жеке мағыналық топ ретінде аталып отырғанын, яғни оның мағыналық топ ретінде танылып келгенін көрсетті. Соның ішінде бір буынды салт етістіктерді арнайы зерттеген ғалым Қ.Қасабековаңың еңбектерінде де қимыл-қозғалыс етістіктері жеке мағыналық топ деп танылғаны, дәлелденгені жоғарыда келтірілді.

Бұл біздің зерттеу нысанымыздағы сөзжасамдық ұялардың түп негіз сөзі ретінде бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерін бір мағыналық топ ретінде алғанымыздың дұрыс екенін білдірсе, екінші жағынан сөзжасамдық ұяларды лексика-семантикалық топ негізін қалаған А.Тихонов анықтаған теорияға сай екенін білдіреді.

ТАЛҚЫЛАУ

Бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің мағыналық тобына қазақ тілінің негізгі сөздік қорына енетін көп мағыналы сөздер жатады. Атап айтқанда, олар*: бар, без, ен, ер, жел, жет, жорт, жүз, жүр, зыт, кез, кел, кет, көш, кір, қайт, қаш, қон, оз, өр, өт, соқ, тай, тарт, түс, ұш, шап, шық, ық, ыт.* Жоғарыда көрсетілген бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерін бір мағыналық топ деп тануымызда топ мүшелерінің барлығында кездесетін ортақ архисема негізге алынады. Бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің барлығына ортақ архисемасы қозғалысқа түскен заттардың не адамның бір орыннан екінші бір орынға өткендігін, орын ауыстырғандығын білдіреді. Сонымен, белгілі бір мағыналық топ құрамына енетін сөздердің жалпылаушы (архисемасы) семасының бір болуы оларды бір микрожүйеге топтаса, мағыналық топтың құрамындағы сөздердің әрқайсысы өз алдына жеке тұлға екендігін танытатын дифференциалды семасы болады. Зерттеу нысанымызға алынған бір буында қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің әрқайсысының өзіндік дифференциалды семалары бар. Мәселен, *ұш* бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігінің ауадағы қозғалысты, *жүз* бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігінің судағы қозғалысы, *жүр* бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігінің жердегі қозғалысты, *кез* бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігінің бағытсыз қозғалысты білдіретін семалары көрсетілген етістіктердің дифференциалды семасы болып табылады. Айтылған мәселені нақтылай түсу мақсатымен қазақ тілінде сема мәселесін арнайы қарастырып, нақты тұжырым жасаған ғалымдарымыздың бірі М.Оразовтың белгілі монографиясындағы тұжырымдарды келтіріп отырмыз. Ғалым жалпы тіл біліміндегі белгілі ғалымдар Ф.Филин, В.Гак, О.Ахманова, т.б. еңбектеріне шолу жасай отырып, семалар туралы өз ойын: «...біз архисема (жалпылаушы сема) бірнеше сөздерге ортақ сема болып саналады да сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топқа топтастырып тұрады; ал дифференциалды сема жеке сөздердің өздеріне тән болады да, оны сол лексика-семантикалық топтың басқа мүшелерінен ажыратып, сөздердің жеке дербестігін қамтамасыз етіп тұратын сема деген қағиданы қолдаймыз», - деп білдіреді [12, 185].

Бір буынды қимыл-қозғалыс етістіктері тілдің негізгі сөздік қорына жататын, тілде көне замандардан қолданылып келе жатқан сөздер екені айтылды. Демек, олар көне замандардан бері қарай тілдің сөзжасам жүйесіне қызмет етіп келе жатқан сөздер деп санаймыз. Міне, сондықтан да осы мағыналық топтағы әр етістік жеке сөзжасамдық ұяның ұйытқысы болып, олардың әрқайсысынан бірнеше туынды түбір сөз жасалып, тіліміздің сөздік қорын байытуда ерекше қызмет атқарған. Дегенмен, қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің бәрі де өнімді деген тұжырым жасауға болмайды. Олардың өз ішінде де үлкен айырмашылық бар. Мәселен, зерттеуде *жап* бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігі негізінде жасалған сөзжасамдық ұяда

ISSN 2788-7979 (online)

8 сөзжасамдық тізбек бар. Олар: *жап→жабу(З)→жабулы(С); жап→жабу(З)→жабусыз(С); жап→жапқы(З)→жапқыш(З); жап→жаппа(З)→жаппалы(С); жап→жаппа(З)→жаппасыз(С); жап→жабық(С)→жабықтылық(З); жап→жабын(З)→жабынды(З)→жабындық(З); жап→жапсар(З)→жапсарлас(С)→жапсарластық(З).* Ал *соқ* бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігі негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның құрамында барлығы 13 сөзжасамдық тізбек бар. Олар: *соқ→соққы→соққыла, соқ→соққыш, соқ→соққын, соқ→соқпа¹, соқ→соқпа²→соқпалы, соқ→соқпақ→соқпақсыз, соқ→соқпақ→соқпақты, соқ→соқпақ→соқпақшыл, соқ→соғым→соғымдық, соқ→соғым→соғымсыз, соқ→соғыс→соғыссыз, соқ→соғыс→соғыстық, соқ→соғыс→соғысшыл.*

Жоғарыда көрсетілген бір мағыналық топ құрамына енетін екі сөз негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның құрамының екі түрлі екендігін көреміз. *Ер* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяның құрамындағы сөзжасамдық тізбектердің саны *соқ* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяның құрамындағы сөзжасамдық тізбектің санынан бірнеше есе кем. Ғалым Н.Алдашев «Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің лексика – грамматикалық сипаты» атта мақаласында: «Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің заттың нақты қасиеті номинативтік таңба арқылы белгіленеді де, оның түрлі қызметі, нақты ерекшеліктері соған негіз болады, яғни тіл – ойды жеткізудің тәсілі, шындық болмысты таңбалаудың құралы. Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің дамуы қоғамның дамуымен бірге жүреді. Осымен байланысты тілдік жүйедегі болып жатқан сөзжасамдағы күрделі жасалымдардың мағынасы мен қызметін жан-жақты терең зерттеу – бүгінгі күннің талабынан, сұранысынан туындап отыр» -деп көрсетіледі. [15, 18].

Сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзінің сөзжасамдық қабілетінің түрлі болуы заңды құбылыс. Жалпы тілдік бірліктердің қызметінің әртүрлі екені ғылымда белгілі мәселе. Соның ішінде сөзжасамдық жұрнақтардың сөзжасамдық қабілетінің түрлілігіне қарай өнімді, өнімсіз болып бөлініп жүргені қашаннан белгілі. Сондықтан қимыл-қозғалыс етістіктерінің де әрқайсысының туынды сөз жасауда өзіндік ерекшелігі бар.

Біздің зерттеу нысанымыздағы бір буынды салт етістіктердің сөзжасамдық ұяларын әр ондық арасымен алсақ, олар төмендегідей жағдайды көрсетеді:

1) 40-50 арасында туынды сөзі бар ұя біреу ғана. Бұл – ең көп туынды түбірге негіз болған *Тарт* етістігі.

2) 30-дан 40-қа дейінгі туынды түбірі бар 1 сөзжасамдық ұя бар, ол 36 туынды түбірден тұратын *шық* етістігі негізіндегі ұя.

3) 20 мен 30 арасында туынды сөзі бар 3 сөзжасамдық ұя бар. Олар: *қон, тай, жет,* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялар. *Қон* етістігі негізіндегі ұяда 21 туынды түбір бар. *Тай, жет* етістіктері негізінде жасалған ұялардың әрқайсысында 20-ден туынды түбір сөз жасалған.

4) 10-нан 20-ға дейін туынды түбірі бар 15 сөзжасамдық ұя бар. Олардың екеуінде, нақтырақ айтсақ, *бар, қайт* етістіктері негізіндегі ұялардың әрқайсысында 19 туынды түбір сөздер жасалған. *Өт, соқ* етістіктері негізінде жасалған ұяларда барлығы 18 туынды түбір сөз бар болса, *кел* етістігі негізіндегі ұя 17 туынды түбірден құралған. *Кір* етістігі негізіндегі ұя 15 туынды түбірден тұрады. *Жүр, ұш* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың құрамында 14-тен, *без, ық* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың құрамында 13-тен, *өр, қаш* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың құрамында 12-ден, *көш, оз* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың құрамында 11-ден, *жел, кез* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың құрамында 10-нан туынды түбір сөз бар.

5) *Шап, жорт, ен, ер, түс, кет, жүз, ыт* етістіктері негізіндегі сөзжасамдық ұялардағы туынды түбір сөздердің саны 2 ден 9 аралығын қамтиды. Ал *зыт* етістігі негізіндегі ұяда туынды түбір жасалмаған.

Сонымен зерттеуімізде өнімді сөзжасамдық ұя *тарт* етістігі негізінде жасалған, онда 41 туынды түбір сөз бар. Ең өнімсіз ұя *зыт* етістігі негізінде жасалған, онда туынды түбір сөз жасалмаған.

ISSN 2788-7979 (online)

Бұл талдау сөзжасамдық ұяға негіз болған бір буынды негізгі түбір салт етістіктердің сөзжасамдық қабілеті алуан түрлі екенін анықтады. Ал, олардың әрқайсысының қанша туынды түбір бергенін нақтылы төмендегі кесте көрсетеді.

3-кесте. Сөзжасамдық ұялар құрамындағы туынды түбірлердің сандық көрсеткіші.

№	түп негіз сөз	ұядағы туынды түбірлер саны	№	түп негіз сөз	ұядағы туынды түбірлер саны
1.	Тарт	41	16	Өр	12
2.	Шық	36	17	Қаш	12
3.	Қон	21	18	Оз	11
4.	Тай	20	19	Көш	11
5.	Жет	20	20	Жел	10
6.	Қайт	19	21	Кез	10
7.	Бар	19	22	Шап	9
8.	Өт	18	23	Жорт	9
9.	Соқ	18	24	Ен	9
10.	Кел	17	25	Ер	7
11.	Кір	15	26	Түс	6
12.	Жүр	14	27	Кет	5
13.	Үш	14	28	Жүз	5
14.	Без	13	29	Ыт	2
15.	Ық	13	30	Зыт	0
	Барлығы	298		Барлығы	118
Жалпы саны - 416					

Түп негіз етістіктердің сөзжасамдық тұрғыдан алғанда неге өнімді, неге өнімсіз екенін нақтылы дәлелдеу өте қиын. Өйткені олардың сөзжасамдық үрдісі бір кезеңге ғана қатысты емес. Әр кезеңнің оған қатысы бары сөзсіз, әр кезеңдегі жағдайлар да әр түрлі, оның көбі қазір белгісіз. Тек кейбір жорамал пікірлерді ғана айтуға болады.

Осы түп негіз етістіктердің ішінде *ыт* етістігі туынды түбір жасауда ең өнімсіз етістік екені анықталды. Талдауда бұл етістіктің *қаш* деген синонимі бары байқалды.

Қаш етістігі тілге 12 туынды түбір берген, ол өте көп деуге де болмас. Осы екі етістіктің қолданысына келсек, *қаш* етістігі тілде жиі қолданылады да, *ыт* етістігі сирек қолданылады. Сонымен бірге *қаш* етістігі өте тездікке байланысты емес, *ыт* етістігі тез жасалуды білдіреді. сондықтан *қаш* етістігінің мағынасының жалпылығы оның қолданылуының жиілігіне әсер еткен бе деген ой туғызады. Бұл әрине, тек тездікке қатысты *ыт* етістігінің қолданылуы мүмкіндігінің аздығына әсер етуі мүмкін. Оның үстіне синонимдес етістіктердің қолданылу аясы жалпы мәнді синонимсіз етістіктерге қарағанда, тарлау болуы мүмкін деген ой туғызады, ол сөзжасамға да әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда берілген кестенің бас жағында өте өнімді түп негіз етістіктер тұр. Осы етістіктерді талдағанда, олардың мағынасы өте жалпы екені анықталады. Мысалы, *адам үйден шықты, тіс шықты, көзі шықты, қолы шықты (картадан), көзден жас шықты, жақсы өлең шықты, жақсы адам шықты, ғалым шықты, шығын шықты, өнер шықты, аты шықты (даңқы)* сияқты толып жатқан қолданыстар *шық* түп негіз етістігінің бір заттың ғана қимылы емес, алуан түрлі затқа қатысты жалпы мағыналы етістік екенін білдіреді. Ол оның тура, ауыспалы мағынадағы қолданысын көбейтеді. Бұл сөздің сөзжасамдық қабілетін де өсіруі мүмкін деп ойлаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктерінің қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінде ерекше орын алатыны анықталды. Түп негіз етістіктерінің сөзжасамдық қабілетін анықтау үшін, әлі ауқымды зерттеулер қажет екені түсінікті.

Негізгі қорытындылар:

ISSN 2788-7979 (online)

1. Бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктері жеке лексика-семантикалық топ құрайды.

2. Бұл етістіктер жоғары сөзжасамдық белсенділік танытады.

3. 30 түп негіз етістіктен 416 туынды түбір сөз жасалған.

4. Сөзжасамдық ұялардың құрылымы мен күрделілігі түп негіз сөздердің семантикалық ерекшеліктеріне байланысты өзгереді.

5. Ең өнімді сөзжасамдық ұя *шық* етістігі негізінде жасалған болса, ең өнімсіз ұя *ыт* етістігі негізінде қалыптасқан.

6. Бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктері қазақ тілінің сөздік қорын байытуда және сөзжасам жүйесін дамытуда маңызды қызмет атқарады.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя теориясын дамытуға және етістіктердің сөзжасамдық әлеуетін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – А.: Санат, 1997. – 256 б.

2 Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – А.: Наука, 1986. – 328 б.

3 Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі: Етістік. – А.: Мектеп, 1966. – 156 б.

4 Филин Ф.П. О лексико-семантических группах слов // Языковедски исследования в честь на акад. Стефан Младенов. – София, 1957. – 523–538 с.

5 Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – А.: Мектеп, 1980. – 208 б.

6 Kasym, B.K., Samenova, S.N. Freimovaya struktura mental'noi leksiki v kazakhskom yazyke. Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Filologiya, 2023. 1(109), 46–54.

7 Nepesova A.A. A study of word-formation nest in the modern turkmen language using the word "WATER" as an example // Universum: филология и искусствоведение : электрон. научн. журн. 2026. 2(140). URL: https://7universum.com/ru/philology/archive/item/21862

8 Ashurmamatovna A.S. Specificity of Reflection of Differential Forms in A.N. Tikhonov's "WordFormation Dictionary of the Russian Language. – Spanish Journal of Innovation and Integrity, 43, 2025/6/7. – P. 16-17.

9 Тихонов А.С. Отглагольные словооброзовательные цепочки в современном русском языке (на материале лексико-семантических групп глаголов созидания и разрушения): Дис. канд. филол. наук. – М., 1984. – 212 с.

10 N.N. Matveeva, V.G. Fatkhutdinova National component in russian word-formation: linguodidactic aspect // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 2. May, 2016. – P. 233-236.

11 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – А.: Ана тілі. 1991. – 384 б.

12 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – А.: Рауан, 1991. – 216 б.

13 A.T. Taubeyeva Comparative analysis of voice categories. //Til zhane kogam International scientific electronic journal. №1(61) 2025. - 34-44.

14 Қасабекова Қ. Бір буынды негізгі түбір салт етістіктердің мағыналық құрамы: Филол. ғыл. канд. дис. – Алма-Ата, 1983. – 186 б.

15 Алдашев Н.М. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің лексика–грамматикалық сипаты // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, АҚ №2(51), 2025. - 14-19 б.

Материал 28.06.2026 баспаға түсті

Словообразовательный потенциал односложных непереходных глаголов движения (на основе теории словообразовательного гнезда)

ISSN 2788-7979 (online)

Б. Есимсейтов[1], Ж.И. Есимхан[2]
[1]Университет «Туран-Астана», Астана, 010000, Казахстан
[2]Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, Астана, 010000, Казахстан

Развитие и обогащение словарного состава казахского языка тесно связано с процессом образования производных слов. В этом контексте теория словообразовательного гнезда является эффективным инструментом для выявления словообразовательного потенциала корневых слов. Цель статьи заключается в определении словообразовательного потенциала односложных непереходных глаголов движения посредством исследования их словообразовательных гнезд и описания их структурных особенностей. Основное направление исследования связано с лексико-семантическим анализом словообразовательных гнезд глаголов движения.

Научная значимость работы состоит в выявлении взаимосвязи между структурой словообразовательного гнезда и семантическими особенностями производящей основы. Практическая значимость заключается в углублении представлений о словообразовательной системе казахского языка, путях формирования словарного состава и возможностях образования производных слов от глагольных основ.

В исследовании использованы методы словообразовательного анализа, лексико-семантической классификации, структурно-семантического и квантитативного анализа. Материалом исследования послужили 30 односложных непереходных глаголов движения казахского языка.

Результаты исследования показали, что от 30 производящих основ образовано 416 производных слов. Наиболее продуктивными оказались словообразовательные гнезда, образованные от глаголов шық, тарт и соқ, тогда как наименее продуктивным является гнездо глагола зыт. Анализ показал, что сложность и продуктивность словообразовательных гнезд зависят от широты значения исходного слова, частотности его употребления и степени словообразовательной активности.

Ценность исследования заключается в расширении теоретических представлений о словообразовательных гнездах и углублении знаний о словообразовательной природе казахских глаголов. Полученные результаты могут быть использованы в исследованиях по словообразованию, лексикологии и историческому развитию казахского языка.

Ключевые слова: словообразование казахского языка; словообразовательное гнездо; односложные глаголы; непереходные глаголы движения; словообразовательный потенциал; лексико-семантическая группа; производные слова.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Болганбаев А., Калиев Г. Лексикология и фразеология современного казахского языка. – А.: Санат, 1997. – 256 с.
2 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – А.: Наука, 1986. – 328 с.
3 Маманов И.Е. Современный казахский язык: Глагол. – А.: Мектеп, 1966. – 156 с.
4 Филин Ф.П. О лексико-семантических группах слов // Языковедские исследования в честь акад. Стефана Младенова. – София, 1957. – С. 523–538.
5 Оразов М. Глаголы состояния в современном казахском языке. – А.: Мектеп, 1980. – 208 с.
6 Kasym, B.K., Samenova, S.N. Freimovaya struktura mental'noi leksiki v kazakhskom yazyke. Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Filologiya, 2023. 1(109), 46–54.
7 Nepesova A.A. A study of word-formation nest in the modern turkmen language using the word "WATER" as an example // Universum: филология и искусствоведение : электрон. научн. журн. 2026. 2(140). URL: https://7universum.com/ru/philology/archive/item/21862

8 Ashurmamatovna A.S. Specificity of Reflection of Differential Forms in A.N. Tikhonov's "WordFormation Dictionary of the Russian Language. – Spanish Journal of Innovation and Integrity, 43, 2025/6/7. – P. 16-17.
9 Тихонов А.С. Отглагольные словообразовательные цепочки в современном русском языке (на материале лексико-семантических групп глаголов созидания и разрушения): дис. … канд. филол. наук. – М., 1984. – 212 с.
10 N.N. Matveeva, V.G. Fatkhutdinova National component in russian word-formation: linguodidactic aspect // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 2. May, 2016. – P. 233-236.
11 Ыскаков А. Современный казахский язык: учебник для студентов филологических факультетов. – А.: Ана тілі, 1991. – 384 с.
12 Оразов М. Семантика казахского языка. – А.: Раyан, 1991. – 216 с.
13 A.T. Taubeyeva Comparative analysis of voice categories. //Til zhane kogam International scientific electronic journal. №1(61) 2025. - 34-44.
14 Касабекова К. Семантическая структура односложных основных непереходных глаголов: дис. … канд. филол. наук. – А., 1983. – 186 с.
15 Алдашев Н.М. Лексико-грамматическая характеристика словообразовательных моделей на базе глаголов в казахском языке // Yessenov Science Journal. – 2025. – № 2(51). – С. 14–19.

Материал поступил в редакцию журнала 28.06.2026

The Derivational Potential of Monosyllabic Intransitive Motion Verbs (Based on the Theory of Word-Formation Nests)

B. Yessimseitov[1], Zh. Yesimkhan[2]
[1]Turan-Astana University, Astana, 010000, Kazakhstan
[2]Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of, Astana, 010000, Kazakhstan

The development and enrichment of the Kazakh vocabulary are closely related to the formation of derived words. In this regard, the theory of word-formation nests serves as an effective framework for identifying the derivational potential of root words. The aim of this study is to determine the word-formative potential of monosyllabic intransitive verbs of motion through the analysis of their word-formation nests and structural characteristics. The research focuses on the lexical-semantic analysis of word-formation nests based on motion verbs.

The scientific significance of the study lies in revealing the relationship between the structure of word-formation nests and the semantic features of their base verbs. Its practical significance is associated with a deeper understanding of the Kazakh word-formation system, the development of vocabulary, and the derivational capabilities of verbal stems.

The study employs word-formation analysis, lexical-semantic classification, structural-semantic analysis, and quantitative methods. The research material consists of 30 monosyllabic intransitive motion verbs in the Kazakh language.

The results demonstrate that 416 derived words were formed from the 30 base verbs. The most productive word-formation nests are those derived from the verbs ***shyq****,* ***tart****, and* ***soq****, whereas the least productive nest is based on the verb* ***zyt****. The analysis reveals that the complexity and productivity of word-formation nests depend on the semantic breadth of the base verb, its frequency of use, and its derivational activity.*

The value of this research lies in its contribution to the development of word-formation nest theory and to a deeper understanding of the derivational nature of Kazakh verbs. The findings may be applied in studies of word formation, lexicology, and the historical development of the Kazakh language.

ISSN 2788-7979 (online)

Key words: Kazakh word formation; word-formation nest; monosyllabic verbs; intransitive motion verbs; derivational potential; lexical-semantic group; derived words.

REFERENCES

1 Bolganbaev, A., & Kaliev, G. Leksikologiya i frazeologiya sovremennogo kazakhskogo yazyka [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language]. (Almaty, 1997).
2 Kaidarov, A. T. Struktura odnoslozhnykh kornei i osnov v kazakhskom yazyke [Structure of monosyllabic roots and stems in the Kazakh language]. (Alma-Ata, 1986).
3 Mamanov, I. E. Sovremennyi kazakhskii yazyk: Glagol [Modern Kazakh language: Verb]. (Alma-Ata, 1966)..
4 Filin, F. P. O leksiko-semanticheskikh gruppakh slov [On lexical-semantic groups of words]. In Yazykovedcheskie issledovaniya v chest' akad. Stefana Mladenova. (1957). Sofia.
5 Orazov, M. Glagoly sostoyaniya v sovremennom kazakhskom yazyke [Stative verbs in the modern Kazakh language]. (Alma-Ata, 1980).
6 Kasym, B.K., Samenova, S.N. Freimovaya struktura mental'noi leksiki v kazakhskom yazyke. Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Filologiya, 2023. 1(109), 46–54.
7 Nepesova A.A. A study of word-formation nest in the modern turkmen language using the word "WATER" as an example // Universum: филология и искусствоведение : электрон. научн. журн. 2026. 2(140). URL: https://7universum.com/ru/philology/archive/item/21862
8 Ashurmamatovna A.S. Specificity of Reflection of Differential Forms in A.N. Tikhonov's "WordFormation Dictionary of the Russian Language. – Spanish Journal of Innovation and Integrity, 43, 2025/6/7. – P. 16-17.
9 Tikhonov, A. S. Otglagol'nye slovoobrazovatel'nye tsepochki v sovremennom russkom yazyke (na materiale leksiko-semanticheskikh grupp glagolov sozidaniya i razrusheniya) [Deverbal word-formation chains in modern Russian (based on lexical-semantic groups of verbs of creation and destruction)] (Candidate dissertation). (Moscow, 1984)..
10 N.N. Matveeva, V.G. Fatkhutdinova National component in russian word-formation: linguodidactic aspect // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 2. May, 2016. – P. 233-236.
11 Yskakov, A. Sovremennyi kazakhskii yazyk [Modern Kazakh language]. (Almaty, 1991).
12 Orazov, M. Semantika kazakhskogo yazyka [Semantics of the Kazakh language]. (Almaty, 1991).
13 A.T. Taubeyeva Comparative analysis of voice categories. //Til zhane kogam International scientific electronic journal. №1(61) 2025. - 34-44.
14 Kasabekova, K. Semanticheskaya struktura odnoslozhnykh osnovnykh neperekhodnykh glagolov [Semantic structure of monosyllabic basic intransitive verbs] (Candidate dissertation). (Alma-Ata 1983).
15 Aldashev, N.M. (2025). Leksiko-grammaticheskaya kharakteristika slovoobrazovatel'nykh modelei na baze glagolov v kazakhskom yazyke [Lexical and grammatical characteristics of verb-based word-formation models in the Kazakh language]. Yessenov Science Journal, 2(51), 14–19.

Received: 28.06.2026